

Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1238 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997-1998 жылдарға арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдірудің қоса беріліп отырған Бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі: 1997 жылдың 1 қазанына дейін тұтынушылардың құқықтарын мемлекеттік қорғау және жергілікті атқарушы органдардың тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметін жандандыру мақсатында аймақтарда кеңестер өткізсін;

1997 жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз етілуінің, сот, құқық қорғау және бақылау органдарының шағымдар мен материалдарды қарауының жай-күйіне талдау жасасын және осы нәтижелер бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғаумен байланысты іс санаттарын қараудың практикасын қорыту үшін материалдар әзірлесін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарының сұратуы бойынша, олардың құқық қорғау және бақылау органдарына жүгінуіне, сондай-ақ сотқа талап қоюына қажетті материалдарды беретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі 1997-1998 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердің оқушылары үшін "Мемлекет және құқық негіздері", "Жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттеріне арналған құқық негіздері" үлгілік оқу бағдарламаларына тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдарды оқып-үйренуді енгізсін.

5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдарының жыл сайынғы жоспарларын орындау жөніндегі қызметті жандандырсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Алматы

қаласы әкімінің Тұтынушылардың құқығын қорғау жөнінде орталық құру туралы бастамасын зерделесін және осы тәжірибені басқа аймақтарға тарату жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізісін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 7 т а м ы з д а ғ ы

№ 1 2 3 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

1997-1998 жылдарға арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру бағдарламасы

КІРІСПЕ

Қазақстанның нарықтық қатынастарға өту кезеңінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болуға тиіс, онсыз экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазіргі уақытта тұтынушылардың құқықтарын қорғау ісі мемлекеттік жүйе ретінде қалыптасу кезеңінде тұр.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің іске асырылуы, сатушы мен тұтынушы арасындағы құқықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуын жеделдетуге, халықтың тұтыну қабілетін қорғауға, тұтынушы азаматтардың іргелі құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Осы бағдарлама нарыққа өту кезеңінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырудың негізгі бағыттарын айқындайды.

I. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырудың мақсаты мен негізгі принциптері

Тұтынушылардың Конституциялық нормаларға негізделетін құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырудың мақсаты тұтынушылардың м ы н а л а р ғ а :

өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне, қоршаған ортаның салауаттылығына , тауар мен қызмет көрсетулерді еркін таңдауға, ақпаратқа тұтынушыға келтірілген зиянның өтелуіне, тұтынушылық білім алу, өз мүдделерін қорғауға және қоғамдық ұйымдарға бірігуге деген құқықтарының сақталуын қамтамасыз е т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырудың негізгі принциптері:

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қатынастарды реттеудің тікелей және жанама әдістерін ұштастыру;

әр түрлі мемлекеттік құрылымдарға (Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттік, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті және басқалар) бекітілген мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларының үйлесімді түрде іске асырылуы ;

тұтынушылардың жеке азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға негізделген тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың "өзін-өзі реттейтін" тетігін жасау;

жариялылық, демократия және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдардың кең желісін дамыту;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырудағы элементтер мыналар болуға тиіс:

құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі қызметті жандандыру;

атқарушы органдар мен жергілікті өкімет органдарының аумақтық қызметтерінің жұмысын күшейту;

орталық пен аймақтардың екіжақты байланысын жақсарту;

тұрғын үй-коммуналдық сектордағы тұтынушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту ;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде сот іс-тәжірибесін қорыту жөніндегі ұсыныстарды зерделеу және енгізу;

тұтынушылардың кең және айқындалмаған тобына зиянды өтеудің тетігін жасау ;

тұтынушыларға құқықтық ақпарат беру.

II. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің өзара байланысты және өзара сабақтас блоктары

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылау

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдардың іске асырылуына тиімді мемлекеттік бақылау жасау үшін:

тұтынушылардың құқықтарының қауіпсіздігіне және оларды қорғауға бағытталған заңдардың орындалуын бақылауды;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттіктің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кеден комитетінің және басқалардың органдарының бақылау функцияларын іске асыру нысандарын жетілдіруді;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылайтын барлық органдардың қызметін үйлестіруді, олардың жұмысының тиімділігін арттыруды, олардың арасында функциялар мен өкілеттіктерін дәл бөлуді, әр түрлі кезеңдерде әр түрлі органдардың, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдарды бұзушылық фактілері бойынша шаралар қабылдауының дәйекті тәртібін белгілеуді;

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің ролін атқаруды, осы салада министрліктер мен ведомстволардың тиімді ынтымақтастығын (бірлескен тексерулер жүргізу, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің олардың материалдарын қорытуы, үрдістер мен проблемаларды анықтау, жалпы ұсыныстар әзірлеу) қамтамасыз ету қажет.

2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында заңдық және нормативтік базаны жетілдіру мен кеңейту

Қазақстан Республикасында тұтынушы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде заңдар кешенін әзірлеу қажет.

Тұтынушы мен кәсіпкерлік қарым-қатынасы өкіметтік және бағынысты емес қатынастағы субъектілердің қарым-қатынасы болғандықтан, мұның негізін азаматтық құқықтық нормалар құрауға тиіс, сондықтан бұл азаматтық құқықтармен реттеледі.

Бірінші кезекте мыналарды:

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңның жаңа редакциясын және оның түсіндірмесін:

тұрғын үй-коммуналдық салада жүргізіліп жатқан реформаға (коммуналдық қызметтердің бәсеке нарығын құру, тұрғын үй қорында өзін-өзі басқару құрылымдарын дамыту) және тұтынушылар мен қызмет көрсетушілер арасындағы құқықтық қатынастардың ролінің артуына байланысты Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына баптары бойынша түсіндірмелерді;

Қазақ КСР-інің әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдарды бұзушылық үшін жауапкершілік туралы толықтыруларды әзірлеу қажет.

Толық және жетілген заңдық базаның болуы мемлекеттік саясаттың толықтай жүзеге асырылуын қамтамасыз етпейді. Оған әр түрлі қызмет түрлерінің: көлік, байланыс, коммуналдық шаруашылық, медицина, банк, сақтандыру, сауда және қоғамдық тамақтандыру және басқа қызмет көрсетілуін регламенттейтін заңдық нормативтік актілер (ережелер) түріндегі заң нормаларын іске асырудың нақты

Қызмет көрсетушілердің тұтынушыларға қызмет көрсетуі жөніндегі қолданылып жүрген көптеген нормативтік құжаттар күні бүгінге дейін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңына сәйкес келтірілген. Осы саладағы барлық заңдық нормативтік базаларға сараптама жүргізіп, оларды 1997-1998 жылдарға арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру бағдарламасын іске асыру жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл жоспар-кестесімен (қоса беріліп отыр) белгіленген кезектілікпен жоғарыда аталған заңдық актілерге сәйкес келтіру қажет.

3. Құқық қолдану практикасы Орталық атқарушы органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі сотқа дейінгі және сот практикасын зерделеуге қатысуы

Тұтынушылардың құқықтарын сотқа дейін және сотта қорғау жүйесін жетілдірудің маңызды бағыттары:

тұрғын үй қорындағы қоғамдық ұйымдармен және өзін-өзі басқару құрылымдарымен тұтынушылардың құқықтарын сотқа дейін қорғау жөнінде әдістемелік жұмыс жүргізу;

нарықтық қатынастардың субъектілері үшін өкілетті және атқарушы органдардың тарапынан түсіндіру жұмыстарын жүргізу тәжірибесін кеңейту;

тұрғын үй қатынастары, банк, сақтандыру және т.с.с. салаларда қоғамдық ұйымдарға сот материалдарын даярлау және іс санаттары бойынша соттық үлгілік құқықтық шешімдер жасауда әдістемелік көмек көрсету;

семинарлар және конференциялар өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында көріну ;

уәкілетті органдардың бақылау және қадағалау функцияларын орындауын қамтамасыз ету (заңдарды бұзғандығы жөнінде ескертулер және оларды жою жөнінде ұйғарымдар беру, заң бұзушыларға сотқа дейінгі талаптар қою, нарық субъектілерінің белгілі бір әрекетін заңсыз деп тану туралы мемлекеттік органдар тарапынан соттық талап қоюларын қамтамасыз ету);

тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзушылық туралы азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың талап қоюларын қарау жөнінде барлық деңгейдегі соттар үшін ұсынымдар жасап шығару мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі сот практикасына талдау жасау және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының сот практикасын қорытуы үшін материалдар әзірлеу болып табылады.

4. Тұтынушыларға білім беру және оларды хабардар ету

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің маңызды блоктарының бірі халыққа құқықтық білім беру болып табылады.

Тұтынушыларға білім беру мен оларды хабардар ету үшін мынадай шаралар қ а ж е т :

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүргізетін жаппай құқықтық білім беру шеңберінде білім беру жүйесінің оқу-тәрбие мекемелерінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң негіздерін оқыту жөнінде оқу бағдарламаларын әзірлеп, енгізу;

мемлекеттік органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша халыққа ұғынықты, кодтарға бөлінген нормативтік актілер жинақтарын және олардың халыққа оңтайландырылған түсіндірме жинақтарын басып шығару;

бұқаралық ақпарат құралдарында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдарды кеңінен жариялау.

5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ведомствоаралық ақпарат жүйесін құру

Мақсаты - мемлекеттік басқару органдарын, басқа да мүдделі ұйымдарды және халықты тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдарды іске асыруға бағытталған жедел және сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Ақпарат жүйесі тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мынадай міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге тиіс:

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ахуалды талдау мен б о л ж а у ;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдар үшін ұсынымдар, әдістемелік материалдар әзірлеу;

тұтынушылардың құқықтарын бұзу оқиғалары, адам өмірі мен денсаулығына қауіпті тауарлардың сатуға түсу фактілері туралы барлық мүдделі ұйымдарды, азаматтарды жедел хабардар ету;

нарықтың тұтыну тауарларымен және қызмет көрсетулермен молығуының жай-күйіне, олардың сапасына, тұтынушылардың құқықтарының бұзылу себептеріне талдау жасауға мүмкіндік беретін статистикалық есептілікті ж е т і л д і р у ;

Ақпараттандырудың жоғары деңгейіне тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің интеграцияланған және тармақтанған инфрақұрылымын құру арқылы жету көзделіп отыр, оған мыналар кіреді:

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында деректер банкі құру;

тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің барлық деңгейінде өкімет билігінің барлық тармақтарымен, басқа ұйымдармен ақпарат алмасудың бағдарламалық және телекоммуникациялық құралдарын құру.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды тиімді ақпараттық қолдауды ұйымдастыруды кезең-кезеңімен, тиісті қаржылық және

материалдық-техникалық жағдайлардың пайда болып, дамуына, жоғары білікті мамандардың болуына қарай жүргізу керек.

6. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Қазақстан Республикасы шет елдермен белсенді сауда ынтымақтастығын жүргізіп отырған жағдайда тұтынушы азаматтарды сапасыз адам өмірі мен денсаулығына қауіпті өнімдермен қорғау проблемасы айрықша мәнге ие болып отыр.

ТМД-ға мүше елдермен ынтымақтастық тұтынушылардың сапасыз тауарлар бойынша жасап шығарушыларға қойған талаптарын қарауда өзара көмек көрсетуді: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер өзара алысып-берісетін техникалық күрделі тұрмыстық тауарларға қызмет көрсету мәселелерін шешуді, ұлттық заңдардың дамуы туралы ақпарат алмасуды, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың іс-тәжірибесін, осы саладағы мемлекеттік саясатты бағыттауды, мамандар алмасуды, бірлескен практикалық шаралар жүргізуді қамтуға тиіс.

Жоғарыда қойылған міндеттерді шешуге ұлттық заңдарды үйлестіру арқылы қол жеткізуге болады.

Бельгиядағы Тұтыну құқығы орталығымен мынадай міндеттерді іске асыру белгіленіп отыр:

Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңдарды жетілдіру;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын мамандарды оқытуға көмектесуі;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын үкімет органдарының басқа үкімет және үкіметтік емес ұйымдармен жүргізетін тұтыну саясатын үйлестіруге көмек көрсету;

заң және білімдік материалдарын қоса алғанда, ақпарат, құжаттама алмасу; тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында оқыту бағдарламаларын жасау;

тұтынушылар арасында олардың құқықтарын қорғауға қатысты оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Еуропа Қауымдастығы Комиссиясының есептеулеріне қарағанда, осы бағдарлама бойынша қаржыландырудың жалпы көлемі 1 млн. экюді құрайды.

III. Тұтынушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін практикалық жүзеге асыруды қамтамасыз етудің тетігі

Тұтынушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыру қаржылық, материалдық-техникалық, осы салада кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қажетті жағдайлары мен алғышарттарын жасауды талап етеді.

Осы Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қ а ж е т :

мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеп, іске асыру; кадрлар саласында шашыраңқылықты жою және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында тиісті ғылым және кадрлар даярлаудың тиісті аймақтық орталықтарын ұйымдастыру, шетелдік ғылыми орталықтарында кадрларды даярлау мен тағылымдамадан өткізу п р а к т и к а с ы .

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасын іске асыру қаржылық шығыстармен қатар, оны аймақтық және жалпымемлекеттік деңгейлерде іске асыруға бақылауды ұйымдастыруды да қ а ж е т е т е д і .

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін құру жөніндегі бағдарламаны енгізудің жүргізіліп жатқан реформалардың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретіндегі мәнділігін ескере отырып, Бағдарламаның іске асырылуын бақылау мәселелерін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктеген жөн.

Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997-1998 жылдарға арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылының жоспар-кестесі

N р/с	Шаралар	Аяқталу нысаны	Атқарылу мерзімі	Атқарылуына жауаптылар
1	2	3	4	5

I. Заңдық қамтамасыз ету

- | | | | | |
|----|--|---|-----------------------|---|
| 1. | "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 жел. тоқсандағы N 1217 Заң | Заң жобасы, Үкімет қаулысының жобасы | 1997 жылдың қыркүйегі | Ауылшармині, Әділетмині, Экономсауда. министрі |
| | | күші меншік тивтеріне бөлудің құжаттарын ресімдеу | бар иелері жер барлық | Жарлығының кооперативтерін учаскелерін қажетті өтеусіз бөлігіне |

толықтырулар енгізу

2. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңға түсінік. Түсініктеме 1997 жылдың Әділетмині, Экономсауда. темә әзірлеу қарашасы мині
3. "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және заңды тұлғаларға оған байланысты шығындарды өтеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Респ. публикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 527 қаулысының тұрғын үй-коммуналдық саласына жеңілдіктер беру және азаматтардың жекелеген санаттарына оларды өтеу бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

II. Тұтынушылар құқығын жүзеге асырудың

құқықтық негіздері

4. Тұрғын үй қорын сақтау, тұрғын үйді пайдаланудың ұзақтығын ұлғайтуды қамтамасыз шаралар
- Үкімет 1997 жылдың Әділетмині, Экономсауда. қаулысының жылдың мині, қарашасы Қаржымині жобасы қарашасы Қаржымині ету жөніндегі камтамасыз ету жөніндегі шаралар бағдарламасын

әзірлеу

5. Қызмет көрсетудің барлық түрі жөніндегі нормативтік базаның Конституцияға, Қазақстан Респуб. ликасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім), "Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Қазақ
- Ведомстволық 1997-1998 жылдар Әділетмині, Экономсауда. құқықтық акт мині, Денсаулық. сақтау мині, мүдделі орталық атқарушы

КСР-інің Заңына

органдар

сәйкестігіне

сараптама

жасауды

жүзеге

асыру

және

оның

нормативтік

база құру

6. Тауарларды, жұмыстарды, Келісілген жыл сайын Тұтынушылар қызмет көрсетулерді іс-қимыл құқығын тұтынушылардың құқығын жоспары қорғау мемлекеттік қорғауды жөніндегі қамтамасыз ету жөнінде ведомство. келісілген іс-қимыл аралық жоспарын әзірлеу және кеңестің оның орындалуын мүшелері

қамтамасыз ету

7. Коммуналдық, сауда Ережелер, 1997-1998 Әділетмині, саласы, көлік, байланыс, ведомство. жылдар Экономсауда. туризм мекемелерінің лық міні, Көлік. қызмет көрсетулерінің нормативтік коммині, Ережесін әзірлеу және құқықтық Энергеоресурс. бекіту актілер тармині, Білім және

мәдениетмині

8. Тұтынуға жарамсыз деп Қауіпті 1997 Ішкіісмині, танылған өнімдерді табуға өнімдерді жылдың Мемкеденком, және жоюға байланысты жою жөнінде. қыркүйегі Экономсауда. нормативтік құжаттарды гі комиссия міні, әзірлеу туралы Денсаулықмині, ереже, Әділетмині иелерінен жарамсыз деп танылған өнімдерді алудың

тәртібі

9. Мемлекеттік бақылау және Тәртіп, _" _ Экономсауда. қадағалау органдарының Ведомстволық міні, бюджеттік ұйымдардың нормативтік Әділетмині орындайтын ақылы қызмет. құқықтық теріне арналған бағалар актілер

мен тарифтерді бекітудің

тәртібін әзірлеу

10. Тауарлардың, жұмыстар мен Статиска. 1997 Экономсауда.
 қызмет көрсетулердің лық есеп. жылдың міні, орталық
 сапасын талдауды, тұрғын тілік қыркүйегі атқарушы
 үй қорында өзін-өзі нысаны, органдар -
 басқару құрылымын және ведомство. Тұтынушылар
 тұрғын үй коммуналдық лық құқығын
 қызмет рыногының бәсе. нормативтік қорғау жөнін.
 келестігін дамытуды құқықтық дегі ведом.
 жүзеге асыруға мүмкіндік актілер ствоаралық
 беретін статистикалық кеңестің
 есептілік нысандарын мүшелері

әзірлеу

11. Тұрғын үй қорында өзін- Әдістемелік 1997 Экономсауда.
 өзі басқару құрылымдарын ұсынымдар, жылдың міні,
 тұрғын үй реформасын ведомство. қараша- Ауылшармині,
 жүргізу жағдайында лық норма. желтоқсаны Әділетмині
 дамытуға арналған тивтік
 нормативтік база құру құқықтық
 жөніндегі жұмыстарды актілер

аяқтау

Тұрғын үй иелерінің
 ПИК-мен және коммуналдық
 қызмет көрсетушілермен
 шарт жасасу жөнінде
 әдістемелік ұсыным

әзірлеу

12. Пәтер иелерінің коопера. Оқыту 1997 Экономсауда.
 тиві басшылығын оқыту бағдарлама. жылдың міні
 бағдарламасын әзірлеу сы, ведом. қыркүйегі
 с т в о л ы қ
 н о р м а т и в т і к
 қ ұ қ ы қ т ы қ

акт

13. Тұтынушылар құқығын Осы мәселе 1997-1998 Жергілікті
 қорғау жөніндегі қоғамдық бойынша жылдар өкілетті және
 бірлестіктерді құруға әкімдердің атқарушы
 жәрдемдесу қаулысы органдар

III. Тұтынушыларды оқу-ағарту

және хабардар ету

14. Білім беру мектептерінің Оқыту 1997-1998 Білім және
оқушылар үшін "Мемлекет бағдарла. жылдар мәдениет
және құқық негіздері" масы министрлігі,
"Жоғары оқу орындары мен Экономсауда.
колледж студенттері үшін міні,
құқық негіздері" үлгілік Әділетмині
оқу бағдарламалары курс.
тарына тұтынушылар құқығын
қорғау жөнінде заңдарды
зерделуді қосымша

өзірлеп, енгізу

15. Тұтынушылар құқығын жинақтардың _" _ Әділетмині,
қорғау жөнінде көпшілік. жобалары Экономсауда.
тің кең қолы жететін міні
кодификацияланған
нормативтік актілер
жинағын шығаруға

дайындау

16. Бұқаралық ақпарат БАҚ 1997-1998 Экономсауда.
құралдары арқылы халыққа тұрақты жылдар міні, Баспасөз
ақпарат берудің тұрақты рубрикалары және бұқаралық
жүйесін құру ақпарат істері
жөніндегі
ұлттық агент.
тігі (келісім
бойынша) және
атқарушы
органдары -
Тұтынушылар
құқығын қор.
ғау жөніндегі
ведомство.
аралық кеңес.

тің мүшелері

17. Қоғамдық ұйымдарды дамы. ТҚҚҰ 1997 Экономсауда.
тудың мәселелері мен қызметін жылдың міні
перспективалары жөнінде жетілдіру желтоқсаны

конференциялар өткізу жөніндегі
әдістемелік
ұсынымдар

IV. Тұтынушылар құқығын
қорғау мәселелері
жөніндегі ведомство.
аралық ақпарат жүйесін

күру

18. Нормативтік құқық базасы 1997-1998 Экономсауда.
бойынша мүдделі ұйымдар. жылдар міні
мен, оның ішінде шетел.
діктермен ақпарат алмасу

19. Тұтынушылар құқығын Ұсынымдар _" _ Экономсауда.
қорғау жөнінде аумақтық мен әдісте. міні
органдар, қоғамдық мелік
ұйымдар үшін ұсынымдар материалдар
мен әдістемелік мате.

риалдар әзірлеу

20. Барлық мүдделі ұйымдарды, Хабарлан. 1997 Экономсауда.
тұтынушыларды тұтынушылар дыру тәр. жылдың міні, Ден.
құқығының бұзылу жағдай. тібі, ве. желтоқсаны саулықмині,
лары туралы өмірі мен домстволық орталық
денсаулыққа қауіпті нормативтік атқарушы
тауарлардың сатылуға құқықтық органдар
түсуі туралы деректерді акт Тұтынушылар
жедел хабарландыру құқығын қор.
жүйесін әзірлеу гау жөніндегі
ведомство ара.
лық кеңестің

мүшелері

V. Тұтынушылар құқығын
қорғау саласын
халықаралық ынтымақ.

тастықты дамыту

21. Тұтынушылар құқығын Заңдардың 1997-1998 Әділетмині.
қорғау жөніндегі ұлттық үйлесімді. жылдар Экономсауда.
заңдардың Тәуелсіз лігі міні
Мемлекеттік Достастығына жөніндегі
қатысушы мемлекеттердің Келісімдер.

заңдарымен үйлесімділігі дің
жөнінде шаралар қабылдау жобалары
22. TACIS, USAID және ТМД Ұнтымақтас. _" _ Экономика. Экономсауда.
елдері бағдарламаларының тық бағдар. міні
шеңберінде халықаралық ламаларының
ұйымдармен ынтымақтас. жобалары
тықты қамтамасыз ету;
ұлттық заңдардың дамыту
туралы ақпараттар алмасу,
бірлескен семинарлар
өткізу, мамандар алмасу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК